

Қазақ балалар әдебиетінің классигі, тамаша жазушы Бердібек Соқпақбаев тірі болғанда биыл 100 жасқа толар еді. «Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді» демекші, балалардың сүйікті жазушысы артына бірқатар әңгіме, хикаялар қалдырды. Жазушының әйгілі «Менің атым Қожа» атты повесіне арналған іс-шараны И.Шухов атындағы кітап-хана қызметкерлері мектебіміздің 4 сынып оқушыларына арнап өткізді. Осы шығармаға арналған презентация және фильмнен үзінділер көрсетілді. Балалар жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы әңгіме тыңдады, сұрақтарға жауап берді, кездесу қызықты және маңызды өтті.

